

БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ БЕЛСЕНДІ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



КЕЛІССӨЗБЕН ШЕШІЛЕ МЕ?

6-БЕТ | ШАРТАРАП



«АДАМҒА ТАБЫН, ЖЕР, ЕНДІ!»

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Камал СМАЙЫЛОВ,

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ (1932-2003):

ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛУ, ӘЛЕМ ДЕҢГЕЙІНЕ ШЫҒУ – ҚИЫН ДА ҰЗАҚ ЖОЛ. ӘЛЕМ САХНАСЫНА ШЫҚҚАН СОҢ, АДАМЗАТ ҰЯЖАЙЫНА ТІКЕЛЕЙ ЕНГЕН СОҢ, ОСЫ ҚАРЫМҒА ҚОСАТЫН, БЕРЕТІН НЕҢ БАР ДЕГЕН СҰРАҚ ҚОЙЫЛАДЫ ДА, ӘР ХАЛЫҚ, ӘР МЕМЛЕКЕТ СОҒАН НАҚТЫ ЖАУАП ІЗДЕЙДІ. ЕНДІ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЛДІ. ЕРКІНДІКПЕН БІРГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК, ҮЛКЕН МІНДЕТ ТҮСТІ МОЙЫНҒА. ОСЫ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАСАҚ, НЕ БАР, НЕ ЖОҒЫН БАҒДАРЛАП, САРАЛАЙТЫН КЕЗ КЕЛДІ.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ


№43 (4167)
Бейсенбі
15 сәуір
2021 жыл

Nur-Sultan

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT




## 7000 ҮЛЕСКЕР ПӘТЕР КІЛТІН АЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үймен қамтамасыз ету ең өзекті мәселе болып отыр. Осы бағытта қала әкімдігі тарапынан бірқатар тиімді жобалар жүзеге асырылып келеді. Бұл ретте әлеуметтік тұрғын үйлермен қатар ұзақ жылдар проблемаға айналған үлескерлер үйлерінің құрылыс жұмыстары да жанданып отыр. Осы орайда Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов биыл елордада 7 мың үлескер көптен күткен пәтерінің кілтін алып, қоныс тойын тойлайтынын жариялады.

2

## ОТАНДЫҚ ЕКПЕНІҢ ОРНЫ БӨЛЕК

**Сәуір айының соңынан бастап еліміздегі жаппай вакцинацияда қазақстандық екпе қолданыла бастайды. Елдің нарығына 25 сәуірде 50 мың дозасы түсірілетін отандық екпе вирусты жеңуде қаншалықты тиімді?** Көпшіліктің көкейіндегі сұрақ – осы. Қауіпті дерт пайда болған сәттен көптеген елдер оған қарсы вакцина ойлап табуға кірісіп кетті. Сөйтіп дүние жүзінде коронавирусқа қарсы 200-ден аса вакцина әзірлене бастады. Соның ішінде Қазақстанда да вакцина жасау туралы былтыр наурызда сөз болған. Бүгінде QazCovid-in әлемде соңғы клиникалық зерттеу фазасына өткен 14-вакцина болып тіркеліп отыр.

*(Соңы 5-бетте)*



ЕЛОРДАДА КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ВАКЦИНАНЫ ЕМХАНАЛАР МЕН ІРІ САУДА ОРТАЛЫҚТАРЫНДА САЛДЫРУҒА БОЛАДЫ.

## ЖАҢА ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ НЕГЕ СУ БАСАДЫ?



Кейінгі жылдары елорданың жаңа орталығы – Есіл ауданында көптеген тұрғын үй кешендері бой көтерді. Соның бірі – Мәңгілік ел даңғылы, 35 мекенжайындағы «Триумфальная арка» тұрғын үй кешені. Бұл аумақта бір ғана коллектор орналасқандықтан, қазіргі уақытта осы үйдің жертөлесі мен іргелес аумақтарды су басып жатыр. Аталмыш проблема қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия отырысында талқыланды. Zoom сервисінің бейнеконференция байланысы платформасында өткен жиында тиісті жауапты мекемелердің басшылары есеп берді.

4

Оңтүстік Кореяның астанасы – Сеулде Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған пошта маркалары шығарылды.

## МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МАРКА ШЫҒАРЫЛДЫ

Қазақстан елшілігінің және Korea Post ірі пошта операторының бірлескен жұмысының арқасында маркалар оңтүстік кореялықтарға қолжетімді болды.

Маркалардың бір бөлігі Кореяның жалғыз марка музейінің жинағына салтанатты түрде табысталды. Мұражай директоры На Санг-Кук жаңа экспонаттың музейге келушілерге Қазақстан мәдениетімен таныса алатынын айтады.

Музейдің қорындағы ең «жасы үлкен» марка – 1884 жылы шығарылған Чосон әулетінің маркасы, ал ең жасы кішісі – Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған марка.

## ВЕЛОМАУСЫМ ЕРТЕ АШЫЛДЫ

Бас қалада «Astana Bike» автоматтандырылған велосипед жалдау жүйесі іске қосылды. Сәуір айының соңына дейін пайдаланушыларға 850 велосипед пен 154 велостанса қолжетімді болады.



City Transportation Systems компаниясының мәліметінше, ауа райының қолайлы болуына байланысты қызметті 15 сәуірде, яғни өткен жылға қарағанда 1 ай ерте іске қосу туралы шешім қабылданды.

Велостансалардың орналасқан жерін www.velobike.kz сайтынан көруге болады. Іске қосылған станса көк түспен белгіленеді.

№43 (4167) 15/04/2021 Бейсенбі

## ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады. Президентке Парламенттің жоғарғы Палатасының заң шығарушылық қызметі туралы мәлімет берілді. Мәулен Әшімбаев Сенаттың қарауында жатқан заң жобалары жөнінде хабарлады. Олардың ішінде Мемлекет басшысының бастамасымен енгізілген жер қатынастарын реттейтін түзетулер ерекше орын алады. Спикер Мәжіліс мақұлдаған заң жобасы осы айдың аяғына дейін Сенаттың отырысына енгізілетінін, содан кейін құжат Президентке қол қоюға жіберілетінін айтты. Ал сайлау заңнамасына енгізілетін өзгерістерге келер болсақ, сенаторлар аталған заң жобасының Мәжіліс қарауынан өтуін күтуде. Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, Сенат бұл мәселені мамыр айының бірінші онкүндігінде қарап, тиісті заң жобасын қабылдауды жоспарлап отыр. Сенат төрағасы Мемлекет басшысына сенаторлардың қатысуымен өтетін алдағы бірқатар халықаралық іс-шаралар жөнінде мәлімет берді.

## ПАРЛАМЕНТ

Кеше Мәжіліс Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Арменияның қосылуы туралы 2014 жылғы 10 қазандағы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы заң жобасын мақұлдады. Хаттама Армения Республикасы үшін өтпелі кезеңді Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифтерін толық имплементациялауға дейін ұзарту жөніндегі уағдаластықтарды іске асыруға бағытталған. Сондай-ақ Мәжіліс депутаттары жер қатынастары мәселелері бойынша заң жобасын екінші оқылымда мақұлдады. Заң жобасын қарау барысында депутаттар заң жобасын енгізу мақсатын күшейтуге бағытталған түзетулер енгізді. Атап айтқанда, шетелдік азаматтар мен заңды тұлғалар, шетелдік қатысу үлесі бар бірлескен кәсіпорындар заңды тұлға қатысушыларының құрамына кірген жағдайда, сондай-ақ заңды тұлға қатысушысының Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған кезде ауыл шаруашылығы жерлерін иеліктен шығару рәсімдері көзделген.

## ҮКІМЕТ

Премьер-министр орынбасары Роман Скляр, Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин, Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов пен Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев елорданың шекара маңындағы аумақтарында су тасқыны жағдайына мониторинг жүргізу мақсатында әуеден бақылау жасады. Ұшу барысында 42-разъезд, Қажымұқан, Қоянды, Талапкер, Қараөткел, Жібек жолы, Қосшы, Тайтөбе, Қызылжар елді мекендерінің аумақтарына аэровизуалды барлау жүргізілді. Астана су қоймасы мен Нұра өзені арнасының бойындағы Преображенск су торабының жағдайы тексерілді. Бақылау кезінде қардың еру процесі тұрақты жүріп жатқаны байқалды. Су шайған аймақтар жоқ. Тәулік бойы жерден және жер серігі арқылы қашықтан зондтау мониторингін жүргізу жалғасуда.

# ЕКПЕ САЛУ ҚЫРКҮЙЕКТЕ АЯҚТАЛАДЫ



**Мемлекет басшысы Премьер-министр Асқар Маминді қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа биылғы қаңтар-наурыз айларындағы еліміздегі әлеуметтік-экономикалық дамудың қорытындылары және санитарлық-эпидемиологиялық ахуал жөнінде есеп берілді.**

Премьер-министрдің мәліметіне сәйкес, аталған кезеңде экономиканың нақты секторында орнықты дамудың оң қарқыны байқалады. Асқар Мамин Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуал жайында баяндады. Ауруханалардағы жұқпалы дертке шалдыққандарға арналған бөлімдердің 41 пайызында, жан сақтау бөлімдерінің 27 пайызында науқастар ем қабылдап жатыр. Сәуір айынан бастап өңірлерде ай сайын 2 миллион адамға вакцина салынады. Қыркүйек айында жалпы 10 миллион азаматқа екпе салынып, вакциналау жұмысы аяқталады.

Премьер-министрдің айтуынша, денсаулық сақтау жүйесі қажетті мөлшерде дәрі-дәрмектермен және медициналық жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Медициналық мекемелерде дәрі-дәрмектің бір айлық, ал «СҚ-Фармация» қоймалары мен дәріханаларда екі айлық қоры жинақталған. Еліміздің барлық өңірінде дәрі-дәрмектердің, қорғаныш құралдары мен шприцтердің үш айға жететін тұрақты қоры бар.

Сонымен қатар кездесу барысында мемлекеттік бағдарламаларды, Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа төрағалығының басым бағыттарын жүзеге асыру және инвестиция тарту, экономика саласын одан әрі цифрландыру, Үкіметтің жұмысына озық цифрлық шешімдер енгізу, халықты жұмыспен қамтуды қолдау, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыру жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы мәселелер талқыланды.

Президентке 1 сәуірде өткен ОПЕК+ министрлер кездесуінің қорытындылары туралы мәлімет берілді. Онда Қазақстан үшін мұнай өндірудің тәуліктік көлемін қосымша 6 мың баррельге арттыруды көздейтін арнайы шарт келісілді. Тиісінше жыл қорытындысы бойынша мұнай өндірісінде едәуір серпін болуы тиіс.

# 7000 ҮЛЕСКЕР ПӘТЕР КІЛТІН АЛАДЫ



*(Соңы. Басы 1-бетте)*

«Құрылысы ұзаққа созылған әр нысан бірнеше көппәтерлі тұрғын үй кешендерінен тұрады, бұл жұмыс көлемін едәуір арттырады. Ал әр нысанда жүздеген үлескер бар. Жуырда «Бағыстан» және «Алтын шар 2» тұрғын үй кешендеріне бардым. Онда 1112 үлескер баспанасын күтіп отыр. Қабылданған шаралардың нәтижесінде бұл үйлердің құрылысы қайта басталды. Дегенмен құрылыс қарқыны тиісті деңгейде жүргізіліп жатқан жоқ. Сондықтан үйлерді пайдалануға беру кестесін жаңартуды, құрылыс қарқынын арттыруды тапсырдым. Барлық кедергілер жойылды, бірқатар мәселе шешілді, енді құрылыс компаниясы жұмыс қарқынын ширатуы қажет. Бұл екі тұрғын үй кешенінің құрылысын биыл аяқтап, пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз» деп жазды А.Көлгінов өзінің Instagram парақшасында.

«Бағыстан» тұрғын үй кешені бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. Инвесторларды тартып, сыртқы және ішкі инженерлік желілерді іске қосып, «GLB» үй құрылысы комбинатының жұмысын қайта жандандырдық. Сондай-ақ жол салынды, бағдаршамдар орнатылды және т. б. жұмыстар қолға алынды.

«№1, 3» позицияларда витраждар, терезелер орнатылды, инженерлік желілер тартылды (су, электр, жарық, кәріз). «№1» позиция бойынша жұмысшылар ішкі әрлеуге кірісті. Осы айда аталмыш позиция бойынша кілттерді беруді тапсырдым. Ал қалған позицияларды осы жылдың соңына дейін аяқтауды тапсырдым. Ауа райы жақсарып келеді, сондықтан аумақты абаттандыруға кірісуді тапсырдым. «GLB» үй құрылысы комбинатының мәселесін шешу «Алтын шар» тұрғын үй кешенінің құрылысын қайта жандандыруға көмектесті. Алдымен «Алтын шар 2», содан кейін «Алтын шар 3» кешенін тапсырамыз. Тұрғын үй құрылысы комбинаты несие берушілер мен кәсіпорын қызметкерлері алдында шамамен 600 млн теңге қарызы болған. Мемлекет қабылдаған шаралардың арқасында қарыздар өтеліп, зауыттың жұмысы қайта жанданды. Бұл шаралардың барлығы үлескерлерге көптен күткен пәтерлерін тапсыру үшін қабылданды. Сонымен қатар ҮҚК әлеуметтік тұрғын үй құрылысына да қатысып жатыр» деп түсіндірді әкім.

Алтай Көлгінов Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «сақалды» құрылыстар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын жеткізді. «Бір жарым жыл ішінде «сақалды» құрылыс саны екі еседен астам азайды. Биыл көптен күткен пәтерлердің кілтін тағы 7 мың үлескерге беруді жоспарлап отырмыз» деді ол.

# ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР КӨБЕЙЕДІ

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында әлеуметтік пәтерлер саны артқанын, сол сияқты Алматы ауданында бірқатар мектептің құрылысы жүргізіліп жатқанын мәлім етті, деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.**

«Елорда аудандарын «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары аясында дамытып жатырмыз. Аудандар полиорталық қағидатына сай дамуда, яғни қажетті әлеуметтік нысандар жаяу қашықтықта орналасқан.

Бүгінгі таңертеңгілік аралау барысында бірқатар жеңілдікпен берілетін қолжетімді тұрғын үй құрылысының барысымен таныстым. Әлеуметтік тұрғын үй Алматы ауданында орналасқан. Тұрғын үй кешенінің бірінші қабаттарында оңалту орталықтары, балабақшалар, балаларға арналған үйірмелер және т. б. әлеуметтік нысандар ашылады.

Алматы ауданында бірқатар мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Бұл бір мезгілде жаңа ТК тұрғындарының оқушы орындарына деген қажеттілігін жабуға мүмкіндік береді.

Үйлердің сапасына, абаттандыруға ерекше назар аударуды, құрылыс қарқынын төмендетпеуді тапсырдым. Сапасыз жұмыс қабылданбайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жеңілдікпен берілетін қолжетімді тұрғын үй көлемін ұлғайту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіп жатырмыз. Биыл көрсеткішті 10 мың әлеуметтік пәтерге дейін көтеруді жоспарлап отырмыз. Көрсеткіш 2018 жылмен салыстырғанда 9 есеге артады.



2019 жылы 2900 әлеуметтік пәтер салынып, пайдалануға берілсе, өткен жылы 7 мыңнан астам пәтер салынды» деп жазды қала әкімі.

**«Отбасы банк» АҚ орталық филиалының директоры Жансұлтан Матаев «Елорда жастары» бағдарламасы қандай саланың жастары қатыса алатынын атады.**

# «ЕЛОРДА ЖАСТАРЫ» БАҒДАРЛАМАСЫНА КІМДЕР ҚАТЫСАДЫ?

«35 жасқа дейінгі жастарды қолдау бағдарламасы Алматы қаласынан бастау алды. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі де осы мәселе бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Мұнда да пайыздық мөлшерлемесі – 5 пайыз, алғашқы жарна – 10 пайыз, несие мерзімі – 25 жылға дейін. Бұл жерде жергілікті әкімдік қандай саланың жастарын қолдайтынын өзі таңдап, анықтады. Оның ішінде денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт, БАҚ өкілдерін, әлеуметтік сала өкілдерін қолдау қарастырылған. «Елорда жастары» бағдарламасының артықшылығы отбасылы жастар ғана емес, отбасын құрмағандар да қамтылады» деді Жансұлтан Матаев.

Ал «Отбасы банк» АҚ басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимованың мәліметі бойынша «Алматы жастары» аймақтық бағдарламасына биыл 18 млрд теңге бөлінген. Соның арқасында 1000 жасқа пәтер беру жоспарланып отыр. Бұған дейін хабарлағанымыздай, мамыр айында «Шаңырақ» бағдарламасы бойынша берілетін 8000 пәтер Baspana.kz сайтына шығарылады. Осы шарада біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларына толықтырулар енгізілетіні мәлім болды.

## ТАҒАЙЫНДАУ

***Nur Otan партиясы елордалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары тағайындалды.***

***Дәулет Кәрібектің басқа жұмысқа ауысуына байланысты Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Nur Otan партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары болып Сақтаған Сәдуақасов тағайындалды.***

С.Сәдуақасов 2004 жылы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін, 2009 жылы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын бітірген. Еңбек жолын 2004 жылы Астана қаласы Ішкі саясат департаментінің талдау және мониторинг бөлімінің маманы лауазымынан бастап, 2009 жылға дейін жұмыс істеді. 2009 жылдан бастап ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құрылымында еңбектенді. Сондай-ақ әр жылдары Nur Otan партиясының орталық және қалалық филиалында түрлі лауазымдарда, оның ішінде Nur Otan партиясы орталық аппаратының қоғамдық қабылдау бөлімінің меңгерушісі қызметінде болды.

39 жасар Сақтаған Сәдуақасов меритократия қағидатына сәйкес маманнан бастап басшылық лауазымдарға дейінгі жолдан өтті. Nur Otan партиясы елордалық филиалының төрағасы, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Сақтаған Сәдуақасовтың алдына партияның 2021-2025 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасын табысты іске асыру бойынша бірқатар міндет қойды.

## СҮБЕЛІ СӨЗ

**Жамбыл АХМЕТБЕКОВ, Мәжіліс депутаты:**

**Елімізде су тасқынымен күреске 2017-2020 жылдары 42 млрд теңге, ал 2020-2023 жылдарға 160 млрд теңге бөлінген. Бірақ нәтиже жоқ. Өйткені құзырлы министрлік су тасқынына дайынбыз деп мәлімдейді, ал көктемде жүздеген елді мекен су астында қалады. Соңғы 5 жылда Қазақстанда 272 елді мекенді су басып, 6,5 мыңнан аса үй суға кетіпті. Жағдай жылда осылай қайталана береді. Үкімет 2021-23 жылдарға 200-ден аса іс-шара жоспарлаған. Бірақ оған сену қиын, себебі 2017-20 жылдары жоспардағы 521 шараның 119-ын, 2021-23 жылдары жоспарға енгізілген 78 шараның 41-ін тиімсіз деп доғарып қойған. Ал осы «тиімсіз іс-шараларға» кеткен бюджеттің қаражатына кім жауапты болады? Қалайша бізге Қызылағаш және Көкпекті трагедиялары сабақ болмайды?**

(14.04.2021 ж. Премьер-министрдің орынбасары Р.Склярға жолдаған депутаттық сауалынан алынды)

## ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ



### БЕРЛИН

Германия астанасында коронавирусқа қарсы вакцина салдырған тұрғындар музейлерге, галереяларға, сән салондары мен дүкендерге емін-еркін бара алады.

Қазір елде мәдени шараларға және азық-түлік сатпайтын дүкендерге кіру үшін тұрғындардың қолында вирусты жұқтырмағаны туралы тест анықтамасы болуы тиіс. Мемлекетте вакцина салдырғандар туралы заң алдағы жексенбіде күшіне енеді. Басты талап – азаматтар Еуроодақта бекітілген екпелердің бірін салдыруы тиіс. Алайда халықты вакциналау науқанына қарамастан, коронавирустың таралуы бәсеңдемей тұр.



### РИМ

Римде шағын кәсіп иелері карантин шектеулеріне қарсы кезекті рет наразылық шеруіне шықты.

Парламент жанындағы алаңға жиналған 200-ге жуық кәсіпкер елдің туын желбіретіп, биліктен бизнес нысандарды қайта ашуға рұқсат беруін талап етті. Шерушілер тәртіп сақшыларына тас лақтырып, бейбіт басталған акция қақтығысқа ұласты. Италияда шектеулер мамыр айына дейін ұзартылған. Індеттен зардап шеккен кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан қаржылай көмек көрсету қарастырылған. Бірақ бизнесмендер «бұл қаржы дағдарысты еңсеруге жеткіліксіз» деп тыйымдарды алып тастауды сұрап отыр.



# БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАРДЫҢ БЕРЕРІ КӨП



**Елорда әкімі Алтай Көлгінов Украина және Өзбекстан елшілерімен ынтымақтастықты нығайту, инвестициялық жобаларды іске асыру, туризм саласындағы мәселелерді талқылады. Бұл туралы қала басшысы Instagram парақшасында жазды.**

«Украинаның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Петр Врублевский және Өзбекстан Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Саидикрам Ниязходжаевпен ынтымақтастықты нығайту, инвестициялық жобаларды іске асыру, туризм саласындағы мәселелерді талқыладық. Бірлескен жобалар елімізге жеке инвестицияларды тартып қана қоймай, жаңа тұрақты жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар COVID-19 таралу қаупін азайту, қабылданатын шаралар, вакцинация жүргізу және т. б. мәселелер талқыланды» деп жазды А.Көлгінов.

# СЕНІМДІ ШЕШІМ – ВАКЦИНАЦИЯ

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Тимур Мұратовпен бірге екі қалалық емханада болып, халықты жаппай вакцинациялау жұмысымен танысты.**



– Мемлекет басшысы атап өткендей, коронавируспен күрестегі жалғыз сенімді шешім – вакцинация. Мұны локдаундардан шығу стратегиясын алдын ала ойластырған елдердің мысалы дәлелдеді. Қазір олардың экономикалары мен азаматтардың күнделікті өмірі пандемиялық қиындықты сезінбейді. Аралау барысында жаппай вакцинациялау процесімен танысып, вакцинацияланған азаматтармен жеке әңгімелестім. Мен баршаңызды өз денсаулығыңызға бейжай қарамауға және үлкендер мен жақындарыңызға қамқорлық көрсетуге шақырамын, – деп жазды Бақтияр Мәкен өзінің Instagram парақшасында.

Елорда тұрғындарын жаппай вакцинациялау 12 сәуірде басталды. Оның алғашқы күнінде 5 мыңға жуық адам коронавирусқа қарсы екпе алды. 640 мыңнан астам азаматты немесе халықтың 60 пайызын жас шектеулері мен медициналық көрсеткіштеріне сәйкес қамту жоспарланып отыр. Вакцинация қаланың АМСК ұйымдарында және «Mega Silk Way» СОО-да жүргізіледі.

# БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ БЕЛСЕНДІ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

**«Astana» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы бағаларды тұрақтандыру мақсатында 2017 жылдан 2020 жылға дейін кәсіпкерлерге жеңілдікпен қарыздар беру үшін бюджеттен 4,45 млрд теңге бөлді. Бұл туралы онлайн-брифингте корпорацияның азық-түлік қауіпсіздігі департаментінің директоры Ризагүл Мүслімова мәлімдеді.**

Қазіргі уақытта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үшін екі механизм бар. Біріншісі – өнімді сатып алу және қоймаларда сақтау арқылы тұрақтандыру қорын қалыптастыру, екіншісі – белгіленген бағаларды тұрақтандыру үшін кәсіпкерлерге жеңілдікпен қарыздар беру.

Несие алуға және бағаны тұрақтандыруға қалада 22 филиалы бар «Магнум», «Мир круп» көтерме сауда компаниясы, «Туркуаз» дистрибьюторлық компаниясы, «Ақмол» дүкендер желісі, картоп өсірушілер одағының «АА Агро» сияқты ірі сауда объектілері қатысты.

Бүгінде берілген қарыздар шеңберінде тауарларды белгіленген бағамен сату «Магнум», «Астықжан», «Кеңмарт», «Вкусмарт» супермаркеттерінде, «Ақмол», «Анвар», «Аян» сауда үйлері мен «Шапағат» базарында жүзеге асырылады.



# ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАР БЕРІЛІП ЖАТЫР

**Елордадағы «Оңтүстік-Шығыс», «Агроқалашық» (2020 жылы газға қосылмаған бөлігі) тұрғын алаптарын газға қосудың техникалық шарттарын беру рәсімі басталды. Аталған елді мекендер мен «Көктал-1», «Промышленный» тұрғын алаптарын келесі жылыту маусымына дейін газға қосу жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр.**

Техникалық шарттарды алу үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, Республика даңғылы, 24, «Парасат» бизнес орталығы мекенжайына хабарласу қажет. Бұл ұйым газбен жабдықтауда ішкі желілердің қауіпсіздігі мен оған тікелей қосылуды тексерумен айналысады. Әрі газды пайдалануға жауапты.

Биылғы жылыту маусымында «Железнодорожный», «Көктал-2» және «Агроқалашық» тұрғын алаптары тұрғындары газға көшу мүмкіндігіне ие болды. Қаланы газдандыру үш кезеңнен тұрады. Ол қаланың экологиясын едәуір жақсартуға және жеке сектор тұрғындарының өмір сүру жағдайларын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары **2021 жылғы 19 сәуір сағат 16:00-де** «Zoom» сервисінің бейнеконференцбайланыс платформасында «Нұр-Сұлтан қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы» тақырыбына көпшілік тыңдаулар өткізеді.

Анықтама телефондары: 55-66-35, 55-66-36, 55-66-37.

**Е.КАНАЛИМОВ,**
**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы**

## ПАРИЖ

Париждегі ең үздік саналатын George V қонақүйі тоналды. Қаруланған екі адам Елисей алаңында орналасқан қонақүйге баса-көктеп кіріп, танымал компаниялардың 100 мың еуро тұратын зергерлік бұйымдарын ұрлап кеткен. Қылмыскерлер оқиға орнынан із суытқан. Бұл қонақүй осыдан 100 жыл бұрын салынған. Жөндеу жұмыстарынан соң бірқатар басылым оны «әлемдегі ең үздік қонақүй» деп атады.



## ЛОНДОН

Ұлыбритания патшайымы II Елизаветаның жары ханзада Филиппке Лондонның Мэлл көшесінде ескерткіш қойылады. Бұған жұмсалатын шығынның бір бөлігі қайырымдылық қорынан алынбақ. Британдық Парламент бұл бастаманы толық құптап отыр. Ханзада Филипптің қазасынан кейін әлеуметтік желілерде оған ескерткіш қою туралы петиция жарияланған еді. Оған шамамен 6 мыңға жуық адам қол қойды. Марқұмды ақтық сапарға шығарып салу рәсімі 17 сәуір күні өтеді.

# ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

**?** Елордада жылдан-жылға халық саны көбейіп жатыр. Соған сәйкес кейінгі жылдары бала саны да айтарлықтай артты. Бұл, әрине, қуантады. Бірақ орта мектептер тығыздығы мәселесі де пайда болды. Биыл осы мәселе қалай шешіледі?

**Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:**

**!** *Үш ауысымды және тығыздалған режимі бар мектептер санын азайту бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Биыл өткен жылдармен салыстырғанда көбірек мектеп саламыз. 16 үлкен мектеп бой көтереді. Олар биыл 40 мыңнан астам оқушы орнын құруға мүмкіндік береді. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда оқушы орындарының саны 2 еседен артық, ал 2019 жылмен салыстырғанда 4 еседен артық ұлғаяды деген сөз. Оқу орындарының құрылысына жеке инвестицияларды тартамыз. Инвестициялық кеңесте 30-дан астам жекеменшік оқу орындарының құрылысы қолдау тапты.*

# АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

**Азамат БІРЖАНОВ, елорда тұрғыны:**

**– Қайым Мұхамедханов көшесімен бір ғана автобус, №56 бағдар қатынайды. Ал көше әжептәуір ұзын. Басқа да бағдарларды осы көшемен жүргізуге болмай ма?**

***Оқырман сауалына «City Transportation Systems» ЖШС жауабын ұсынамыз:***

– Біз қаланың бағдарлар желісін дамыту тұжырымдамасын әзірледік. Соған сәйкес автобустар саны көбейді. Тұжырымдама аясында Қ.Мұхамедханов көшесіне жаңа бағдар жіберу жоспарланып отыр. Өкінішке қарай, қазіргі пандемия кезеңінде автобус жүргізушілері жетпей жатыр. Осы мәселе шешілгенде, тиісті бағдарларды өкілетті органдарға бекітуге ұсынамыз.



# АСТАНА АУДАНЫ

**Алматы ауданындағы «Оңтүстік-Шығыс» тұрғын алабындағы 119 көшенің 35-іне асфальт төсеу керек. Аудан әкімдігі Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасымен биыл жоспарға кірмеген көшелерге қиыршық тас төсейін деп отыр. Есіл, Бұқтырма, Кеңгір көшелерінде су құбыры, кәріз жүйесі, жарықтандыру қарастырылып, инженерлік жүйелердің құрылысын жүргізу жоспарлануда.**



Қалада санитарлық тазалау жұмыстары да басталды. Осы аудандағы Абылай хан даңғылы, Қ.Мұңайтпасов көшесі, Ақбұлақ өзенінің жағалауы және «Жастар» саябағының жағдайына жауап беретін мердігерге жұмысын дұрыс атқармағаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес айыппұл салынды. Қысқа мерзім ішінде ол анықталған кемшіліктерді жоймаса, онымен келісімшарт тоқтатылады.

**Беттерді дайындаған Темірхан РАХМЕТУЛЛИН**



# СОЛ ЖАҒАЛАУ: ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ НЕГЕ СУ БАСАДЫ?


amangali.kalzhan@mail.ru
Бетті дайындаған
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

**ЖАЛҒЫЗ КОЛЛЕКТОРДЫҢ ҚУАТЫ ЖЕТПЕЙДІ**

– Есіл ауданында құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Тұрғын үй кешендерін су басу проблемасы жылдарға созылып кетті. Себебі мұнда бір ғана коллектор орналасқан. Оның қуаты барлық үйге жетпейді. Бұл проблема бойынша тұрғындармен күнделікті екі-үш рет кездесу өткіземіз. Қар ерігенде, су Алматы ауданынан да келеді. Қазір Мәңгілік ел даңғылы, Керей-Жәнібек хандар, Әлихан Бөкейхан, Сауран көшелерінің бойындағы үйлердің жертөлелерін су басып жатыр. Бұл мәселені шешу үшін тиісті жоба әзірленді. Жобалық-сметалық құжаттама мен оның мемлекеттік сараптамасы дайын. Тапсырыс беруші – қалалық Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы. Жалпы ұзындығы 7,6 шақырымды құрайтын тазарту құрылғыларының жаңа желісі салынады. Бұл желі пайдалануға берілгенде, проблема шешіліп, сол жағалауды су баспайды деп ойлаймын, – дейді Есіл ауданы әкімінің орынбасары Қанат Аббас.

**КӘРІЗДІҢ 235 ШАҚЫРЫМЫН АУЫСТЫРУ КЕРЕК**

«Астана су арнасы» кәсіпорны директоры Табиғат Зейнулқабденнің баяндауынша, аталмыш кәсіпорын 2017 жылы кәріз желілерінің 5,4 шақырымын, 2018 жылы «Нұрлы жол» бағдарламасымен 18 шақырымын, 2019 жылы 9 шақырымын, 2020 жылы 3,5 шақырымын ауыстырған.

– Негізінен, Целиноград кезінен келе жатқан Алматы және Сарыарқа аудандарындағы ескі, бетоннан құйылған үлкен коллекторларды жаңарттық. Жалпы «Астана су арнасының» балансына кәріз желілерінің 991 шақырымы алынған. Оның 24 пайызының немесе 235 шақырымының салынғанына 30 жылдан асты. Яғни пайдалану мерзімі өтіп кеткен. Оларды ауыстыру керек. Әрине, жаңа желілер бар. Бірақ қала салына бастағанда әр елде шығарылған әртүрлі материалдар пайдаланылды. Мәселен, Польшаның гафрландырылған шыныпластикті құбырлары бар. Олардың проблемасы көп. Осындай материалдардың мерзімі өтпесе де, сапасы бұрынғы шойын немесе темірбетонды құбырлардан нашар. Сондықтан жобалаушыларға үнемі диаметрі үлкен шойын немесе темірбетонды құбырларды салыңдар деп кеңес береміз. Оның үстіне Қазақстанда темірбетон өндіретін зауыттар көп, – дейді Т.Зейнулқабден.

Оның айтуынша, қала тұрғындарының кәріз жүйесін пайдалану мәдениеті төмен. Тұрғындар оған көрінген нәрсені тастайды. Арасында құрылыс материалдарынан бастап неше түрлі шығып жатады. Сол себептен коллекторлар бітеліп, сорғы стансалары тоқтайды. Қала бойынша сорғы стансаларының 200-і бар екен. Соның жетеуі негізгісі болса, қалғандары кәріз қалдықтарын сорады.

– Қар суы, кәріз қалдықтарының ағыны коллекторлар арқылы қаланың бір шетінен құйылып, екінші шетінен шығып жатады. Біздегі желілер сондай. Мәселен, «Железнодорожный» тұрғын алабынан басталса, Алматы ауданындағы Шәмші Қалдаяқов көшесіне келіп, әрі қарай сол жағалауға кетеді. Біз Мәңгілік ел даңғылы, Бөкейхан көшесіндегі ПИК пен МИБ-терге гидроизоляция жасаңыздар деп жатамыз. Негізінен, ағын су тұрғын үйлерге емес, құдықтарға құйылуы керек. Ал қазір үйлерге келіп жатыр. Олай болмау керек. Жертөлелер өте төмен орналасқандықтан, олардан су сора алмаймыз, – дейді «Астана су арнасы» директоры.

**ЖАҢА ЖЕЛІ МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕ МЕ?**

Ол да Есіл ауданы әкімінің орынбасары сияқты Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы тапсырыс берген тазарту құрылғыларының жаңа желісі проблеманы шешеді деп ойлайды.

– Жаңа желі Керей-Жәнібек хандар көшесінен тікелей №22, 29 көшелерге дейін су сорады. Әрі қарай Тұран даңғылы, Мұхамедханов көшесі, Қорғалжын тасжолына кетеді. Бұл – бір. Екіншіден, ел бойынша 50 тазарту құрылғысы салынайын деп жатыр. Мұнымен «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық орталығы» АҚ айналысуда. Бірінші кезеңде кәріздерді тазартудың 11 құрылғысы салынбақ. Арасында Нұр-Сұлтан қаласындағы құрылғы да бар. Қазір техникалық-экономикалық негіздеме жасалды. Енді жобалық-сметалық құжаттама әзірленеді. Бұл тазарту құрылғысының қуаты – 180 мың текше метр. Жобаға жалпы ұзындығы 20 шақырымдық коллектор да кіреді. Бұл жоба арқылы «Железнодорожный», «Интернациональный» тұрғын алаптары, жаңа вокзал, «Мыңжылдық» аллеясы аумағындағы қалдықтар тікелей кәріздерді тазартудың №2 құрылғысына құйылады. Бірақ мұның пайдалануға берілуіне 3-4 жыл керек, – дейді Т.Зейнулқабден.

Оның айтуынша, қалада бұл бағыттағы тиісті жұмыстарды «Елорда экосистем» компаниясы да жүргізіп жатыр. Былтыр құрылған осы компания нөсер сулары кәріздері мәселесімен айналысуда.

Бірақ тиісті құжаттар бекітілген соң, сол жағалау проблемасын шешетін тазарту құрылғысының құрылысы 15 айды алады. Сондықтан келесі жылдың қазан, қараша айларына дейін мәселе шешілмейді. Құрылысқа қаржы да бөлінуі керек. Егер бөлінбесе, проблема тағы созылайын деп тұр.

**АЛДЫМЕН ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ САЛЫНҒАНЫ ЖӨН**

Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов қазір елордада жыл сайын 3 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілетінін, соның жартысы немесе 7-8 жаңа шағын аудан сол жағалауда салынатынын айта келе, болашақта бой көтеретін үйлердің мәселесі қалай шешілетінін сұрады.

– Қазір сол жағалаудағы Керей-Жәнібек хандар және Тұран даңғылы арқылы өтетін жалғыз коллектор апатты жағдайға жетті. Басқа коллектор болмағандықтан, оның жұмысын тоқтата алмай отырмыз. Жаңа коллектор салынған соң, ескі коллекторды жаңғыртуға мүмкіндігіміз туады. Сол кезде сол жағалауда екі коллектор болады. Сонда, сарапшылардың болжауынша, мәселе шамамен алғанда он жыл мерзіміне шешіледі. Бірақ бір ғана жаңа коллектор жалпы қала бойынша мәселені шешпейді. Өйткені шаһар құрылысы қарқынды. Біз қазір барлық инфрақұрылыммен қамтуға үлгермей жатырмыз. Себебі тиісті қаржы уақытында бөлінбейді, – дейді Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасының бас маманы Ирина Першина.

Қалалық мәслихат депутаты Батыр Котырев тұрғын үйді бастамастан бұрын инженерлік желілерді салу керектігін айтып өтті. «Алдағы 10 жылды емес, 20-30 жылды болжау керек. Кеңес заманында салынған тұрғын үйлерді қараңыздаршы. Олардың желілері сапалы салынған. Тек қана ағымдағы жөндеу жасалады. Ал қазір қалай? Мәңгілік ел даңғылындағы коллектордың салынғанына қанша жыл болды? Неге мұндағы коллектордан ақау шықты?» деген сұрақтарды қойды депутат.

Ирина Першинаның мәлімдеуінше, сол жағалаудағы коллектор 2008 жылы шыныпластиктен салынған. «Астана бас жоспары» ғылыми-зерттеу институтында апта сайын қала құрылысына қатысты кеңес отырыс өтеді. Онда болашақ жоспарлар талқыланады. Мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов қаладағы қордаланған мәселелерді шешу үшін оған екі депутатты қосуды ұсынды.

– Жақын бес-жеті жылда сол жағалауға не керек болады? Соны зерттеуіміз қажет, – деді мәслихат хатшысы.

**«ТРИУМФАЛЬНАЯ АРКА» ТҮЙТКІЛІ**

«Триумфальная арка» тұрғын үй кешенін BI Group компаниясы салған. Қазір бұл үйге BI-Servis ЖШС қызмет көрсетеді. Үйді су баспау үшін қайтарым клапанын салу туралы кеңес берілген. Бірақ бұл клапан мәселені шешпейді екен. Қазір серіктестік тұрғындармен проблеманы шешу жолдарын іздестіріп жатыр.

«Триумфальная арка» тұрғын үй кешенінің басқарушысы Александр Погорелов бұл үй «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы жанында орналасқанын айта келе, кейінгі жылдары маңайды қолқаны қабатын иіс алатынын жеткізді.

– Жаңбыр толастамай жауғанда, маңайдың бәрін су алып кетеді. Әрине, тиісті мекемелер бізге көмектесіп жатыр. Трактор сорғымен келіп, бір апта бойы суды соруда. Бірақ бұл проблема 2018 жылдан бері жалғасуда. Үйде неше түрлі жәндіктер қаптады. Фотосуреттер мен бейнежазбаларымыз бар. Біздің өтінішіміз, мәселені шегере бермей, жылдам шешіп берсеңіздер екен. Үйден бес метр қашықтықта құдық бар. Бірақ оның биіктігі – 1,5 метр. Сонда қалай оған су құйылады? «Астана су арнасы» осыған назар аударса екен, – дейді үйді басқарушы.

Қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов оған депутаттар мәселені бақылауға алғанын айтты.

– Қазір қаламызда 3 мыңнан астам көппәтерлі тұрғын үй бар. Менің білетінім, «Триумфальная арканың» ғана емес, осындай үйлердің 10 пайызының су басу проблемасы бар. Бұл «Астана су арнасының» ғана мәселесі емес. Мәселені тиісті басқармамен, жауапты компаниялармен бірігіп зерттеуіміз керек, – дейді Е.Каналимов.

Ә.Бөкейхан көшесінде орталық кәріз жүйесінің орнына нөсер сулары кәрізі салынып кеткен екен. Бұған мәслихат депутаты Серік Түсіпов назар аударды.

– Сол маңайда «Нұрқанат», «Каспиан Палас», «Есіл» сияқты көптеген тұрғын үй кешендері тұрғындары көшені сасық иіс алып кеткеніне шағымданып жатыр, – дейді депутат.

Осы кәрізді «Елорда экосистем» компаниясы салған. Мәслихат депутаттары бұл жұмысты да тексеру керектігін атап өтті.

# ТҮЗЕУ МЕКЕМЕЛЕРІ ТЫНЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары шаһардың Қылмыстық атқару жүйесі департаменті бөлімшелеріне қарасты нысандармен танысты. Алдымен ЕЦ-166/1 мекемесіне барды.**



Өткен жылы бұл мекемеге республикалық бюджеттен 25 млн теңге бөлінді. Қорытындысында бекеттер жаңартылды. Жалпы осында 8 бекет бар. Президент тапсырмасына сәйкес, барлық түзеу мекемелері цифрландырылу керек. Осы мекемеде казір баламалы камералар тұр. Оларды цифрлы камераларға ауыстыру қажет. Қажеттілік – 1 мың камера. Мұны «Қазтранстелеком» компаниясы есептеп шығарған. Қазіргі таңда осы мәселені республикалық бюджеттік комиссия қарап жатыр. Егер қанағаттандырылса, онда камералар орнатылып, қалалық Полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылады. Сонда қызметкерлер немесе сотталғандар тәртіп бұзатын болса, аталмыш орталық бірден тіркейді.

Мұнда цифрландыру бағытында жұмыстар қолға алынғанын айта кету керек. Қызметкерлерге кіргенде электронды жетондар беріледі. Оған дыбыс және бейнежазбалар жазылады. Жетонды таққан қызметкер өзін дұрыс ұстайды. Бірақ қазір 36 жетон ғана бар. Оны қала әкімдігі 2019 жылы алып берген. Бұған қоса, 100 рация мен 60 бейнетіркегішті сатып алуға қаржы бөлді. Бүгіндері аталмыш қондырғыларды көбейтіп, жиһаз да сатып алу керек.

Мекемеге қала әкімдігі фронт-кеңсе салуға көмек берді. Сол арқылы сот процестері онлайн өтіп жатыр. Былтыр электронды форматта 4 мың процесс өткен. Өткенгі жылдың басынан 600 процесс өтсе, пандемия басталғанда онлайн шешім шығару көбейген. Бұл мекеме Нұр-Сұлтан қаласымен қатар Ақмола облысының Аршалы, Ерейментау, Целиноград аудандарына да қызмет көрсетеді. Сотталғандармен психологтар мен теологтар жұмыс істейді. Осы мамандарға арнайы кабинеттер, ПЦР тапсыруға бөлме бөлінген.

Қылмыстық атқару жүйесі бөлімшелеріне қарасты барлық мекемелер індетті емдеуде қолданатын дәрі-дәрмектің үш айға жететін қорымен қамтамасыз етілген.

Депутаттар барған ЕЦ-166/10 мекемесі №8 қалалық емханаға тіркелген. Өткен аптада вакцинаның 1 мың дозасын бөлуге шешім шығарылды. Қазірге дейін 73 қызметкер вакцина салдырды. Осында қар шығаратын КамАЗ көлігі керек екен.

Сотталған әйелдер депутаттарға жиһаздар жетіспейтінін, кереуеттер ескі екенін, шатырдан су ағатынын, кәріз жиі бітелетіндігін айтты. Медициналық-санитарлық бөлімнің жағдайын жақсартуды, стоматология кабинетін ашуды, қалада жұмыс істеу мүмкіндігін қарастыруды сұрады.

Нұр-Сұлтан қаласы Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің бастығы, әділет полковнигі Ернат Ақылжановтың айтуынша, ЕЦ-166/10 мекемесіндегі 300 сотталған адам жұмыспен қамтылған. Сотталғандарға ұялы телефонмен сөйлесуге мүмкіндік жасалған. Бұл үшін арнайы бөлме бөлінген. Телефондар осында сақталып жатады. Өздерімен алып жүруге рұқсат жоқ.

Мекеме екі блокқа – тұрғын аймақ пен өнеркәсіптік аймаққа бөлінген. Екінші аймақта диірмен кешені, жиһаз шеберханасы, жылыжай, көлік жөндейтін аумақ, құс өсіру, дәретхана қағазын шығару цехтары бар.

– Бізге тапсырыстар керек. Мәселен, былтыр індет өршігенде мұнда көп пайдалануға жарайтын маскалар, блокбеттерде киетін костюмдер тігілді. Жалпы алғанда, көп пайдаланатын 1 миллион 300 мың маска шығарылды. Оның жартысы мекемеде таратылды, – деді Е.Ақылжанов.

Бұған қоса, мекемеде аяқ киім, соның ішінде спорттық және үйде киетін аяқ киімдер, арнайы сырт киімдер тігіледі. Олар нарыққа шығарылмайды. Тек қана осында пайдаланылады. Бұған да тапсырыстар қажет. Бір жылдары «ҚазМұнайГаз», «Мобитекс групп», «Петролиум» компаниялары тапсырыс берген. Кейінгі кезде олардан тапсырыс түспейтін болған.

– Қылмыстық атқару жүйесі бөлімшелеріне қарасты мекемелерде проблемалар өте көп екен. Бұл жүйе, негізінен, республикалық бюджеттен қаржыландырылады. Жергілікті бюджеттен абаттандыру мен спорт алаңдары мәселелеріне көмек беріледі. Себебі осындағы адамдардың жағдайына көңіл бөлу керек. Қазір қаламыз «қызыл аймақта» тұр. Вакцинация, ПЦР тапсыру сияқты мәселелер уақытымен жүргізілу керек, – деді қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов.

Жалпы қалалық мәслихат депутаттары құқық қорғау органдарының жағдайына ерекше көңіл бөліп отыр. Мәслихаттың заңдылық, құқықтық тәртіп және қоғаммен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия отырысында бас қала полицейлерінің проблемалары кезекті рет талқыланды. Онда тәртіп сақшыларының материалдық-техникалық жарақтандырумен байланысты бірқатар проблемаларды шешу үшін қосымша қаржыландыру қажеттілігі айтылды.

Қазір учаскелік және мектеп инспекторларының штаттық санын көбейту, учаскелік полиция пункттерін ашу, қызметтік кабинеттерді бейнебақылау камераларымен жабдықтау, т. б. осы сияқты жұмыстарды атқару керек. Мамыр айында өтетін қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында осы мәселелер пысықталады.





№43 (4167) 15/04/2021 Бейсенбі

# ОТАНДЫҚ ЕКПЕНІҢ ОРНЫ БӨЛЕК

ray77781@mail.ru

Райхан РАХМЕТОВА

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



Елімізде коронавирусқа қарсы вакцинаны Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институты мен Ұлттық биотехнология орталығы әзірлейді. Аталған институттың ДДҰ-мен арада қауіпті инфекцияларға вакцина әзірлеу бойынша келісімшарты бар. Осы институт ғалымдары былтыр бірден бірнеше вакцинаны дайындауды бастаған еді. QazCovid-in – сол айтқан отандық 5 вакцинаның біреуі.

Қазақстандық вакцинаның ғылыми атауы QazCovid-in болса, саудаға шығарылатын атауы – QazVac. Екпе қорабында 10 құты бар. Әр құты 0,5 мл немесе 10 тамшы дозадан тұрады. Вакцинаны тоңазытқышта 2-ден 8 градусқа дейін сақтайды, бірақ қатыруға болмайды. Жақында Жамбыл облысының Қордай ауданына қарасты Гвардейский кентіндегі аталған институтта вакцинаны елге таныстырған ғалымдардың айтуынша, отандық екпенің инактивті болуы оның мүлдем зиянсыз екенін көрсетеді. Бұл екпе де ресейлік вакцина секілді арасына 21 күн салып екі кезеңде егіледі.

Былтыр жазда ең алдымен ДДҰ қазақстандық ғалымдардың жұмысын өзінің ресми сайтында тіркеп, оны клиникаға дейінгі зерттеуге рұқсат етілген COVID-19 қарсы вакцинаға кандидаттардың тізіміне қосты. Ал тамыздың аяғында Денсаулық сақтау министрлігі QazCovid-in вакцинасы клиникаға дейінгі зерттеуден өткенін хабарлады. Ғалымдар коронавирусқа қарсы отандық вакцинаны бір жарым айда дайындаған. Вакцинаны арнайы торшаларда өсіріп, бөтен заттардан тазалау үшін Алматы қаласында індет жұқтырған бір адамнан сынама алынған. Профессор Берік Хайруллиннің айтуынша, вакцина бірінші ақ тышқандарға және маймылдарға салынды. Жануарларға вакцинаның күшейтілген дозасы егіліп, оның қауіпсіздігі мен уытты әсері мұқият тексерілді.

Аталған вакцина алғаш рет адамға былтыр шілденің соңында салынып сыналды. Екпені сынақтан өткізу үшін оны дайындаған институттың басшылығын қосқанда барлығы 7 ғалым өз еріктерімен оны бірінші болып алды. Вакцина салынғаннан кейін бұл қызметкерлер үнемі клиникалық бақылауда болды. Қазір олардың зерттеуге қатысқанына 9 ай толып отыр. Осы аралықта олардың ағзасының вирусқа қарсы иммундық жауап беруі жоғары деңгейде болып келеді. Алайда отандық екпе адам иммунитетін қанша уақытқа дейін қорғай алатыны нақты әлі белгісіз. Мұны арнайы брифингте биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Күнсұлу Закарья да айтып өтті. «Мәселен, «Спутник-V» екі жыл иммундық деңгейді қалыптастыруы үшін оны 2 жыл бойы тексеру керек. Ал оның зерттелгеніне бір жыл енді ғана өтті. Сондықтан ресейлік вакцинаны салдырғаннан кейінгі антидене нақты қанша уақытқа жететінін айту қиын. Ал қазақстандық вакцина туралы толық ақпарат клиникалық зерттеудің үшінші фазасы аяқталғаннан кейін ғана белгілі болады» деді ол.

Екпені клиникалық зерттеудің бірінші фазасына ерікті түрде 44 адам, екінші фазасына 200 адам қатысты. Алғашқы еріктілер Алматы және Тараз қалаларының клиникаларында, ҒЗИ-да егілді. Зерттеудің бастапқы екі фазасы вакцинаның адам үшін қауіпсіз және иммуногенділігі мен тиімділігі 96 пайыз деңгейде екенін көрсетті. Сонымен қатар зерттеу аясында отандық вакцинаның ағзаға аллергиялық реакциясы мен денені тітіркендіргіш әсерінің жоқ екені анықталды. Биыл 15 сәуірде отандық екпені сынаудың ең маңызды үшінші фазасындағы клиникалық зерттеулердің 50 пайызы аяқталады. Оған 3 мың ерікті қатысты. III кезеңді өткізу үшін екпенің 10 мың доза көлемінде қажетті партиясы шығарылды. Қазіргі таңда Қазақстан халқына толық жететіндей вакцина әзірлеу үшін мемлекеттің қолдауымен GMP талаптарына сәйкес келетін биофармзауыт салынып жатыр. Осылайша отандық вакцинаның алғашқы 50 мың дозасы Ақтөбе, Алматы, Шымкент пен Нұр-Сұлтан қалаларындағы негізгі хабтарға жеткізіледі. Ал маусым айында ірі кәсіпорындардың арқасында вакцина санын 500 мың дозаға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

ҚР Білім және ғылым вице-министрі Мирас Дәуленов қазақстандық вакцинаны клиникалық зерттеудің аралық нәтижелерімен таныстырды. Оның айтуынша, Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен хаттамаға сәйкес екпені сынау жұмыстары штаттық режимде жүріп жатыр. Институт мамандары вакцинаның қауіпсіздігі туралы есеп дайындады. Ол есеп Денсаулық сақтау министрлігіне беріледі. Тағы бір айта кетерлігі, вирусты жануарлар да жұқтыратынын және инфекцияны тасымалдаушы бола алатынын ескеріп, БҚМҒЗИ мамандарына жануарларға арналған COVID-19 қарсы вакцинаны әзірлеу міндеті қойылды.

Ел ішінде неге отандық екпе ресейлік вакцинадан кейін шығарылды деген сұрақ бар. Бұған Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институтының директоры Күнсұлу Закарья ғылымның дамуы жағынан екі елдегі жағдайды салыстыруға келмейді деп жауап берді. Себебі Ресейде бүгінде өндірісі өте жақсы дамыған 6 вирусология орталығы бар. Сол 6 зауытта «Спутник V» вакцинасы өндіріліп жатыр. Ал Қазақстанда тек осы бір институт қана екпе өндіріп отыр. Онда негізгі деген 56 әзірлеуші ғалым жұмыс істейді. Сондықтан көрші елдегі 2 мың ғалым мен қазақстандық бір институт ғалымдарының жұмысын салыстыру қисынға келмейді.

Аздығына қарамай, бүкіл елді аман сақтап қалуда маңызы зор іспен айналысып жатқан ғалымдардың жағдайын жасаудың өзектілігі артып отыр. Олардың еңбекақысын көтеруге қаражат бөлуді республикалық бюджет комиссиясы қолдады. Енді институттың ғылыми қызметкерлерінің орташа жалақысы 325 мың теңгеден басталады. Әкімшілік және қызмет көрсету персоналының жалақысы 250 мың теңгеге дейін болады. Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің төрайымы Жанна Құрманғалиева биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін ғылыми зерттеуге 2022-2024 жылдары 2,8 миллиард теңге бөлінгенін атап өтті. Бүгінде институт жанында ҒЗИ қызметкерлеріне арналған үш үй, жалпы көлемі 180 пәтер салынып жатыр. Жуырда ғана осы 180 пәтерге тұрмыстық техника, жиһаз және өзге де жабдықтар сатып алуға республикалық бюджеттен 293 миллион теңге бөлінді.

# ТАЗАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

**Елордада көктемгі тазалық жұмыстары жалғасып жатыр. Ауқымды жұмыстарға 1900 коммуналдық қызметкер мен 650 арнайы техника жұмылдырылды. Қаланы санитарлық тазалау және абаттандыру күн сайын және түнгі ауысымда да жүргізіледі.**



– Қала әкімі Алтай Көлгіновтің тапсырмасы бойынша қалада санитарлық тазалау жұмыстары күшейтілді. Мобильді топтар құрылыс учаскелерінде де аралау жұмыстарын жүргізуде. Себебі құрылыс нысандарында абаттандыру ережелерін бұзу фактілері бар. Бұл аумақта арнайы техника дөңгелектерін жуу пункттерінің ашылмағаны, алаңішілік өтпе жолдардың қатты төсемесі қойылмағаны секілді бұзушылықтар бар. Құрылыс жұмыстары ескертулер жойылғанға дейін тоқтатылды, – деді қала әкімінің орынбасары Нұрлан Солтамбеков.

Ол қалада жол шұңқырларын тегістеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын, жақын арада көшелерді орташа және күрделі жөндеу басталатынын атап өтті. Қаланың ескі бөлігіне, тұрғын алаптарына назар аударылатын болады.

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫН ЖАРАТЫҢЫЗ

**Индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі Қайырбек Өскенбаев біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану арқылы тұрғын үй жағдайын жақсартудың 5 бағытын атады.**

«Қағидаларға сәйкес азаматтардың зейнетақы жинақтарын пайдаланудың 5 мақсаты көзделген:

– тұрғын үй сатып алу кезінде сатып алу-сату, жекешелендіру, айырбастау, бөліп-бөліп төлеу шарттары бойынша, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар бойынша, сондай-ақ жер учаскесін сатып алуды қоса алғанда, жеке тұрғын үй салу үшін толық есептесу;

– ипотекалық қарыз алуға бастапқы жарна ретінде, тұрғын үй сатып алуға, берешекті өтеуге, ипотеканы банктер арқылы қайта қаржыландыруға;

– тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша жер учаскесін сатып ала отырып, тұрғын үй сатып алуға немесе жеке тұрғын үй салуға арналған ипотека бойынша берешекті алу, қайта қаржыландыру, өтеу үшін;

– ислам банкінің қаржыландыруы шеңберінде тұрғын үй сатып алу және осындай қаржыландыру бойынша берешекті өтеу үшін;

– тұрғын үй құрылысы бағдарламалары мен дағдарысқа қарсы бағдарламалар шеңберінде берілген сатып алу құқығымен тұрғын үйді ұзақ мерзімді жалдау шарттары бойынша берешекті өтеу үшін» деген министрлік өкілі тұрғындардың ұсынысы бойынша осы қағидатты жетілдіру жұмыстары басталғанын айтты.

«Бүгінде министрлік тетіктің іске асырылуын және келіп түскен өтініштерді талдау қорытындылары бойынша қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жоба дайындады. Жоба барлық мүдделі органдармен және аккредиттелген ұйымдармен келісілгеннен кейін белгіленген тәртіппен қабылданады» деді Қайырбек Өскенбаев.

# ҚАН ТАЗАЛЫҒЫ ҚАЙДА ҚАЛАДЫ?

**Ата-бабаларымыз салт-дәстүрді берік ұстанып, жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған. Сондай-ақ балаларын үйлендірерде ру сұрасып, жеті атадан аспаса үйлендірмеген. Осының бәрін қанның тазалығы үшін, ұрпағының ақыл-есінің дұрыс, денінің сау болуы үшін жасаған. Жалпы алғанда, қан мәселесіне қай заманда да немқұрайды қарамаған. Тіпті арғы атасын білмегенді «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деп сөккен.**



Айтпағымыз, бүгінде балалы болғысы келген қыз-келіншектер қайтсем де балалы боламын деген қағидамен жеті атасын түгендемек түгілі, тегі белгісіз, көрмеген, танымайтын ер адамның ұрығын сатып алып, жасанды жолмен бала көтере беретін болды. Жігіттеріміз азын-аулақ ақша үшін ұрығын сатып, әкелік жауапкершілікті мойнына алмай-ақ, алаңсыз бірнеше баланың әкесі болатынды шығарды. Бұл жағдайлар қазірге біреу үшін дұрыс шешім болып көрінетін шығар, бірақ келешекке індет. Бір кіндіктен тараған ұл-қыздарымыз ертең отбасын құрып жатпасына кім кепіл?! Сонда ғасырлар бойы сақтап келген қан тазалығы қайда қалады? Осыны бақылап, елеп-ескеріп отырған біреу бар ма?!

Заң бойынша 35 жасқа дейінгі ер адам анонимді түрде донор бола алады. Дені сау, дене бітімі қалыпты дамыған, генетикалық сараптамасы жақсы болса, аталық ұрығын тапсыра алады. Қанша рет тапсырасыз – өз еркіңіз. Шектеу жоқ. Анкетада жүзі, руы, бойы, салмағы, мамандығы көрсетіледі, болды. Каталогтан көңіліңізге қонғанын таңдап аласыз, бітті. Статистикаға сенсек, жыл сайын тек бір клиникада дәл осы жолмен 70 бала дүниеге келеді екен. Бұл – ертең еліміздің түкпір-түкпіріндегі 20 отбасыда бір әкеден тарайтын 20 ұл-қыз бойжетіп, ержетіп шығады деген сөз. Одан көп болуы да мүмкін.
